

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын көбейту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1402

Астана қаласы әуежайының халықаралық жолаушылар мен жүктер тасымалын қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызын ескере отырып, Астана қаласы әуежайының дамуына қолдау көрсету және септесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Астана-қаржы" ашық акционерлік қоғамына "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын несиелеу үшін берген, 2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген сыйақымен қоса алғанда 16 556 874 (он алты миллион бес жүз елу алты мың сегіз жүз жетпіс төрт) АҚШ долларына балама соманы құрайтын қаражатты қайтару бойынша міндеттемелер сомасына көбейту жөнінде іс-шаралар жүргізілуін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Астана-қаржы" ашық акционерлік қоғамымен бірлесіп (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаражатты қайтару бойынша талаптардың тоқтатылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК